БЕКІТЕМІН
«Қ. Пішенбаев атындағы
Екібастұз тау- кен-техникалық
колледжі» КМҚК
басшысы
_____Т. Акатаев
«_25_» _____06_____ 2024 ж.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің
2018 жылғы 18 қазандағы № 578 бұйрығына сәйкес
Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру
бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына
оқуға қабылдаудың
үлгілік қағидаларын бекіту туралы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру (бұдан әрі - ТжКОББ) ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын «Қ.Пішенбаев атындағы Екібастұз тау-кен-техникалық колледжі» КМҚК-на (бұдан әрі – ЕТКТ колледжі) оқуға қабылдау тәртібін айқындайтын "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру ұйымдарына бастауыш ("Хореография өнері" мамандығы (біліктілігі "Балет әртісі") бойынша кадрлар даярлау үшін, негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі (бастауыш кәсіптік және орта кәсіптік), жоғары білімі бар (жоғары кәсіптік), Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

Орта білімнен кейінгі білімнің білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (кәсіптік бастауыш және кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі, жоғары (кәсіптік жоғары) білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

3. ТжКОББ ұйымдарына оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.